

ҚазПТИ-дің Маңғыстау филиалын Ақтау политехникалық институты етіп құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 7 маусым 1993 ж. N 472

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан политехникалық институтының Маңғыстау филиалын Қазақстан Республикасы Білім министрлігіне бөлінген бюджет қаржысы шегінде Ақтау политехникалық институты етіп құру туралы Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Маңғыстау облысының әкімімен келісілген ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі, Маңғыстау облысының әкімімен және Атом энергетикасы мен өнеркәсібі кәсіпорындарының Қазақ мемлекеттік корпорациясы (КАТЭП) осы жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту және дамыту жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі институт құрылымын, мамандықтардың номенклатурасын анықтасын, жоғары оқу орнын біліктілігі жоғары ғылыми-педагог кадрлармен және мамандармен толықтыруда пәрменді көмек көрсетсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі